

Саз ерітіндісі оның сазсыйымдылығымен, яғни бұрғылау ерітіндісі берілген консистенцияға ие болатын саздық фазаның пайыздық мөлшерімен сипатталады. Шартты тұтқырлығы 30-35 сек болатын барлық сазсыйымдылығы 40-45% аралығына ие болды, бұл кездегі ВСН-3 600 мин<sup>-1</sup> вискозиметірінің көрсеткіші 30-45<sup>0</sup>С құрайды.

Химиялық тұрғыдан саз гидратталған алюмосиликаттар, сол себепті әр-түрлі кен орындарынан алынған саздардың құрамында белгілі бір мөлшердегі алмасу иондары болады. Кең тараған саз минералдары мынадай көлемдік сыйымдылық көрсетеді; монтморилонит үшін – 0,3-1,8 моль/кг, гидрослюид үшін – 0,1-0,4 моль/кг, коалинит үшін – 0,03-0,15 моль/кг. Соған байланысты, саздарды ерітіндінің саз сыйымдылығы шамасы бойынша да ажыратады. Бұл шама саздың коллоидты ерітінді түзу қабілеттілігімен, химиялық өңдеу тиімділігімен анықталады. Сазсыйымдылықтың жоғарғы мәні қатты фазаның төмен коллоидтылығымен сипатталады, сол себепті ерітіндіге аз мөлшерде суды қосу тұтқырлықты күрт төмендетеді. Керісінше коллоидты белсенді фазасы бар ерітінділерге сазсыйымдылығының төмен мәні сәйкес келеді. Сазды ерітінділердің консистенциясын анықтайтын негізгі фактор – ол үзілген құрылымдардың беріктігі. Сазды ерітінділерді сұйылту берік көлемдегі коагуляциялық әсерлесулердің санын азайту үшін, сумен сұйылту арқылы жүргізіледі немесе тұрақтандырғыш реагенттермен өңдеу арқылы олардың беріктігін әлсіретеді. Сазсыйымдылығы 40% жуық төмен коллоидты сазды ерітіндісін сұйылту үшін 1-2% мөлшерде су қажет. Ал сазсыйымдылығы 5% жоғары сортты бентонит сазының ерітіндісі үшін 20% су қажет болады.

Сурет 23 және сурет 24-тен көріп тұрғанымыздай, Төнкеріс саздарына қарағанда Боралдай сазы негізінде дайындалған бұрғылау ерітіндісінің жоғары мөлшерінде талап етілген тұтқырлыққа жетуге болатындығы анықталды [66].

